

Өсімдік шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 05 тамыздағы № 270/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 қыркүйекте № 4018 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 17 қарашадағы N 318/11 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 17.11.2015 N 318/11 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 16-бабы 3-тармағына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 27.08.2015 № 254/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 11.08.2015 N 238/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 28.07.2015 N 226/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4) " Тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау";

5) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 27.08.2015 N 251/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 28.07.2015 N 226/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.08.2015 N 238/8 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.08.2015 № 254/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.08.2015 N 251/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуінен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К. Әшімбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев

Павлодар облысы әкімдігінің
2014 жылғы 5 тамыздағы
№ 270/8 қаулысымен
бекітілген

"Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. Регламент алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 27.08.2015 № 254/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Павлодар облысы әкімдігінің
2014 жылғы 5 тамыздағы
№ 270/8 қаулысымен
бекітілген

"Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. Регламент алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 11.08.2015 N 238/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Павлодар облысы әкімдігінің
2014 жылғы 5 тамыздағы
№ 270/8 қаулысымен
бекітілген

"Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. Регламент алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 28.07.2015 N 226/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Павлодар облысы әкімдігінің
2014 жылғы 5 тамыздағы
№ 270/8 қаулысымен
бекітілген

"Тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес облыстың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін банктік шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияларды одан әрі аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлем шоттарының тізілімін ұсыну.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) іс-қимылдар тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш бергенде, белгіленген нысан бойынша өтініш және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №

725 қаулысымен бекітілген "Тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 9-тармағымен көзделген құжаттар мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-әрекеттің) мазмұны және оны орындаудың ұзақтығы:

көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап - тиісті жылғы 1 (бірінші) желтоқсанға дейін:

1) қала немесе аудан ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі – бөлім) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушыға күні және уақыты, өтінімді қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі және аты-жөні көрсетілген талон береді – 15 (он бес) минуттан аспайды;

2) бөлім өтінімдер мен құжаттарды алғаннан кейін ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) қарауына енгізеді – 10 (он) жұмыс күні ішінде;

3) ВАК бөлім ұсынған құжаттарды қарастырады және тиесілі субсидиялар сомаларын көрсетумен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (бұдан әрі – АШТӨ) тізімін құрастырады және оны аудан (қала) әкіміне бекітуге жібереді - 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде;

4) аудан немесе қала әкімі (бұдан әрі – әкім) АШТӨ тізімін қарастырады және бекітеді - 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

5) әкім АШТӨ тізімін бекіткен соң бөлім тізімді Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасына (бұдан әрі – басқарма) ұсынады, сондай-ақ оны ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органының интернет-ресурсында және ресми баспасөз құралдарында тиесілі субсидиялар сомасын көрсетумен орналастырады - 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

б) басқарма АШТӨ-нің жиынтық тізілімін құрастырады, субсидиялар төлеу үшін ведомость пен төлем шоттарын құрастырады және аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлем шоттарының тізілімін ұсынады - 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін банктік шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияларды одан әрі аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлем шоттарының тізілімін ұсыну.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілер) тізбесі:

- 1) қала немесе аудан ауыл шаруашылығы бөлімі;
- 2) ведомствоаралық комиссия;
- 3) аудан немесе қала әкімі;
- 4) ауыл шаруашылығы басқармасы.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс-әрекеттер) реттілігінің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) өзара іс-қимылының толық сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасының кестесінде, 3-қосымшасының блок-сызбасында келтірілген және 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл ету тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет "Павлодар облысының халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы және "www.egov.kz" электрондық үкімет веб-порталы арқылы көрсетілмейді.

Павлодар облысы әкімдігінің
2014 жылғы 5 тамыздағы
№ 270/8 қаулысына
1-қосымша

Уәкілетті органның атауы және оның байланыс деректері

Р/с №	Жұмыс органының атауы	Байланыс деректері
1	2	3
1	"Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 61, телефон: 8(7182) 32-32-30 email: kense.dsh@pavlodar.gov.kz
2	"Павлодар қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 25, телефон: 8(7182) 32-07-30 email: pavlodar_osh@mail.ru
3	"Екібастұз қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Екібастұз қаласы, 50-жылдық көшесі, телефон: 8(71877) 54237 email: otdel_osh@mail.ru
4	"Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ақсу қаласы, Царев көшесі, 12 телефон: 8(71837) 50572 email: 4108605@mail.ru
	"Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы	Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы, Абай к ө ш е с і , 7 7

5	бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	телефон: 8(71841) 21572 email: aktogai_sozprog@mail.ru
6	"Баянауыл ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Баянауыл ауданы Баянауыл ауылы, Сәтбаев көшесі, 49 телефон: 8(71840) 91245 Email: baiandepselhoz@mail.ru
7	"Железин ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Железин ауданы Железинка ауылы, Придков көшесі, 13 телефон: 8(71831) 22041 email: zhelselhoz@mail.kz
8	"Ертіс ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ертіс ауданы, Ертіс ауылы, Бөгембаев к ө ш е с і , 9 7 телефон: 8(71832) 21436 email: Ertis_osh@mail.ru
9	"Қачиры ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қачиры ауданы Теренкөл ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 236 телефон: 8(71833)21403 email:kusainova.g.akt@pavlodar.gov.kz
10	"Лебяжі ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Лебяжі ауданы Лебяжі ауылы, Абылқайыр Баймулдин көшесі, 13 телефон 8(71839) 21051 email: selhoz_akku@mail.ru
11	"Май ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Май ауданы Көктөбе ауылы, Қазыбек би к ө ш е с і , 2 4 телефон: 8(71838) 91380 email: may_opish@mail.ru
12	"Павлодар ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Павлодар қаласы, Қайырбаев көшесі, 32, о ф . 3 0 9 телефон: 8(7182) 329867 email: defence6@rambler.ru
13	"Успен ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Успен ауданы Успен ауылы, Тәуелсіздіктің 10-жылдығы көшесі, 30 телефон: 8(71834) 91300 email: usposh@yandex.ru
14	"Шарбақты ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Шарбақты ауданы Шарбақты ауылы, Советов көшесі, 49 телефон: 8 (71836) 21191 email: opsxsharbakty@mail.ru

Павлодар облысы әкімдігінің
2014 жылғы 5 тамыздағы
№ 270/8 қаулысына
2-қосымша


**Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті әрбір рәсімнің
(іс-әрекеттің) ұзақтығын көрсетумен құрылымдық бөлімшелер
(қызметшілер) арасындағы рәсімдер (іс-әрекеттер)
реттілігінің сипаттамасы**

№	Іс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	1	2	3	4	5

1	Бірліктің атауы	бөлім	БАК	әкім	бөлім	басқарма
2	Іс-әрекеттің үдерістің, іс-жосығы, операциялар) атауы және олардың сипаттамасы	1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын (тапсырған сәттен бастап қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады; 2) ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді	Бөлім ұсынған құжаттарды қарастырады	АШТӨ тізімін қарастырады	Құжаттарды дайындау	АШТӨ-нің жиынтық тізілімін құрастырады және субсидиялар төлеу үшін ведомость құрастырады
3	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешім)	1) көрсетілетін қызметті алушыға күні және уақыты, өтінімді қабылдаған (лауазымды тұлғаның тегі және аты-жөні көрсетілген талон береді 2) ведомствоаралық комиссия қарауына енгізеді	АШТӨ тізімін құрастырады	АШТӨ тізімін бекітеді	тізімді басқармаға ұсынады және интернет-ресурсында және ресми баспасөз құралдарында тиесілі субсидиялар сомасын көрсетумен орналастырады	Аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлем шоттарының тізілімін ұсынады
4	Орындалу мерзімі	1) 15 (он бес) минуттан аспайды 2) 10 (он) жұмыс күні ішінде	8 (сегіз) жұмыс күні ішінде	2 (екі) жұмыс күні ішінде	3 (үш) жұмыс күні ішінде	8 (сегіз) жұмыс күні ішінде


Павлодар облысы әкімдігінің
2014 жылғы 5 тамыздағы
№ 270/8 қаулысына
3-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің әрбір рәсімінің (іс-әрекетінің) ұзақтығын көрсетумен рәсімдер (іс-әрекеттер) реттілігін сипаттаудың блок-сызбасы






Павлодар облысы әкімдігінің
2014 жылғы 5 тамыздағы
№ 270/8 қаулысына
4-қосымша

"Тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер

	мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы
	көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы
	келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Павлодар облысы әкімдігінің
2014 жылғы 5 тамыздағы
№ 270/8 қаулысымен
бекітілген

"Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. Регламент алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 27.08.2015 N 251/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК